

**Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылына арналған стипендиясын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары арасында бөлу туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Мәдениет және ақпарат министрінің 2026 жылғы 20 сәуірдегі № 198-НҚ бұйрығы

"Қазақстан Республикасы Президентінің стипендиясын тағайындау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 5 наурыздағы № 1134 қаулысының 4-тармағына сәйкес, сондай-ақ "Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылға арналған стипендиясын бөлу туралы" Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2026 жылғы 4 наурыздағы № 113 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылға арналған стипендиясын министрліктер арасында бөлуді іске асыру мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылына арналған жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары арасында бөлу (бұдан әрі – бөлу) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Білім және ғылым департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрыққа қол қойылған күнінен бастап күнтізбелік бес күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары "Қазақстан Республикасының Президенті белгілеген стипендияларды тағайындау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 07 сәуірдегі № 136 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Президенті белгілеген стипендияларды тағайындау ережесіне сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6936 болып тіркелген) тиісті қаржы жылына арналған қаржыландыру жоспарларында қарастырылған қаражаттар шегінде қосымшада көрсетілген бөлуге сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің стипендиясын төлеуді жүзеге асырсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің орынбасары –  
Мәдениет және ақпарат министрі

А. Балаева  
Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
орынбасары – Мәдениет және  
ақпарат министрінің  
2026 жылғы 20 сәуірдегі  
№ 198-НҚ бұйрығына  
қосымша

**Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылына арналған стипендиясын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары арасында бөлу**

| №        | Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының атауы   | Стипендия    |                 |
|----------|--|--------------|-----------------|
|          |  | Студенттерге | Магистранттарға |
| 1.       | Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің "Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы" республикалық мемлекеттік мекемесі          | 4            | 0               |
| 2.       | Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің "Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті" республикалық мемлекеттік мекемесі | 8            | 0               |
| 3.       | Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің "Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы" республикалық мемлекеттік мекемесі   | 3            | 1               |
| Барлығы: |  | 15           | 1               |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК